

«№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Камқоршылық кеңесінің қашықтықтан өткізілген отырысының
№6 хаттамасы

Откізу күні: 14.02.2025ж

Отетін орны: қашықтықтан зум платформасы арқылы

Катысқандар: 9 адам

Катыспағандар: 2 адам

Катысушылар:

- | | |
|--------------------|-----------------------|
| 1. Каппасов К. Ж | 2. Сарсембекова Ж. Ф |
| 3. Алтыбаева З. Х | 4. Алиева Р |
| 5. Шахметова Б | 6. Бимаганбетов Р. О. |
| 7. Карааулов Т. С | 8. Тажиев Б |
| 9. Мейрамова А. М | 10. Алженова Н. А |
| 11. Смагулова Б. С | 12. Муканова Г. К |

Күн тәртібі:

1. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сакталуын, тамақ өнімдерінің сапасына, ішу режиміне, мектеп асханасының жай күйін бақылау
2. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды кеңсе тауарларымен және киіммен қамтамасыз ету қорытындылары туралы «Қамқорлық» акциясына катысу.

Тыңдалды:

1-сұрақ бойынша: Мектеп директоры Нұрсұлу Амандаққызы сөз сейледі. Ол мектептегі санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы тұракты түрде бақылауда екенін, мектеп асханасының жай-күйі мен тамақ өнімдерінің сапасына күнделікті және ай сайын мониторинг жүргізілетінін атап өтті. Ішу режимі арнайы бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған. Мектеп асханасы санитарлық нормаларға сай, ас мәзірі мектеп медбикесінің және ата-аналар комитетінің келісімімен тексеріліп отырылады.

Шешім:

1. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы талапқа сай деп танылып, бақылауды жалғастыру ұсынылсын. Асхананың санитарлық жағдайын тексеру және оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша жұмыс жүйелі түрде жалғасын.

2-сұрақ бойынша: Әлеуметтік педагог Гүлзада Қабдешовна «Қамқорлық» акциясының қорытындысы туралы баяндама жасады. 2024-2025 оқу жылы аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 5 оқушы кеңсе тауарларымен және маусымдық киіммен қамтамасыз етілді. Аталған көмекті көрсетуге мектеп ұжымы, ата-аналар және демеушілер тартылды. Акция барысында ата-аналар мен мектеп ұжымы тарапынан қолдау көрсетілгені атап өтілді.

Шешім:

1. «Қамқорлық» акциясының қорытындылары қанағаттанарлық деп танылып, демеушілік көмектерді ұйымдастыру жұмыстары келесі оқу жылында да жалғасын тапсын. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар тізімі қайта қаралып, нақты көмек көрсетуге бағытталсын.

ҚҚ төрағасы: 

ҚҚ хатшысы: 